

**ЖШС «Ақ Желкен Есік»
Кезектен тыс
педагогикалық кеңесінің
хаттамасы
№ 4**

«20» қараша 2023 ж.

Төраға: Г.Г.Омурзакова
Хатшы: Д.С.Набиева
Қатысқандар: 12
Қатыспағандар: 0

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалауға дайындау және өзін-өзі бағалау комиссиясын құру туралы (МДҰ меңгерушісі).

Тыңдалды:

1. Мектепке дейінгі ұйымының меңгерушісі Г.Н.Омурзакова ҚР ОАМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментінің бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдарды аттестаттаудан өту кестесімен таныстырды.

Мемлекеттік аттестаттау Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес алдындағы білім беру ұйымдарына бағалау оқу нәтижелеріне бағалау қолдану арқылы мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейін бір ай бұрын өткізіледі, сонымен қатар бағаланатын кезең бұрын өткен екі оқу жылы мен ағымдағы оқу жылы болып табылады (нақты жылдарды ашып көрсетіп жазу керек).

Сонымен қатар, МДҰ меңгерушісі оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттары келесі нақты өлшеуіштерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірді:

1) оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекеттің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу талаптарына сәйкестігі;

2) білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру;

3) мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын сақтау;

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы;

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелері бойынша баланың жеке даму картасының талдауы;

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау.

7) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

8) балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

9) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау.

Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарына "үлгілі" - 5, "жақсы" - 4, "жақсартуды қажет етеді" - 3, "төмен" - 2 деңгейлерінің біріне сәйкес келетін өлшеуіштер және балл қолданылады.

2.А.Нұрдаулет.мектепке дейінгі ұйымының әдіскері ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін (бар болса) олардың психофизикалық даму ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жеке оқу жоспары мен арнайы оқу бағдарламасын іске асыруға, сондай-ақ баланың жеке даму картасын толтыруға ерекше назар аударуды сұрады.

Шешім: 1. Мектепке дейінгі ұйымының өзін-өзі бағалау жоспары жасақталсын.

2. Төмендегі құрамда комиссия бекітілсін:

Комиссия төрағасы – Г.Н.Омурзакова Омурзакова МДҰ меңгерушісі;

Комиссия мүшелері:

А.Нұрдаулет Нұрдаулет - әдіскер;

Г.А.Жылкыбаева Жылкыбаева - тәрбиеші;

Н.С.Матышева Матышева - саз жетекшісі

Д.С.Набиева Набиева - психолог;

Төраға:

Хатшы:

Омурзакова
Нұрдаулет